

## ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Сіздерді Қазақстан жоғары оқу орындарының флагманы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрамында Елбасы ұсынған «Цифрлы Қазақстан» жобасын жүзеге асыру мақсатында әлемге әйгілі механика-математика факультетінен енші алып шығып, жаңадан ашылған Ақпараттық технологиялар факультеті оқуға шақырады.

Жүйелік программалау, ЭЕМ сәулеті, микро-процессорлар, математика мен информатиканы оқытудың заманауи технологиялары... Сіз үшін бұл бос сөз емес пе?

Онда біз Сізді ақпараттық технологиялар факультетінде күтеміз. Ең қызықты және болашағы зор — ол біздің факультет, жұмысберушілердің бізде берілген білімге деген үлкен сенімін иеленген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ең жаңа және үлкен факультеттерінің бірі! Қала және еліміз бойынша бейіндік пәндердің ең үздік оқытушылары да бізде.

Факультетке қабылдау талапкерлердің өтініші бойынша конкурстық негізде Ұлттық біріңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешендік тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификат бағдарына сәйкес және университетте қосымша тест тапсыру арқылы жүргізіледі. Факультет мамандықтарына оқуға түскісі келетіндер бейіндік пән ретінде математика және физика сабақтарын таңдауы тиіс. Барлық мамандықтарға оқыту мерзімі — 4 жыл. Назарбаев Зияткерлік мектебінің түлектері үшін оқу мерзімі — 3 жыл.

Аталған мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары халықаралық білім беру жүйесімен сәйкестендірілгендіктен, Студенттердің екі дипломдық және академиялық ұшқырлық бағдарламалары бойынша шет елдердің жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері бар. Факультет түлектері әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының магистратура және докторантура сатыларында білімдерін жалғастыра алады.

Сіздерді үлкен және жарқын дәріс аудиториялары мен заманауи құрылғылармен жасақталған компьютерлік сыныптар күтеді. Осының бәрі Сізге жеке дамуыңызға және өзіңіздің кәсіби мансабыңызды қолдауыңызға көмектеседі.



**ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ**  
физика-математика  
ғылымдарының  
кандидаты, доцент  
**УРМАШЕВ БАЙДӘУЛЫ**  
**АМАНТАЙҰЛЫ**

*Жақын уақытта кездескенше!*



## **ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...**

Түлектер еліміздің және шет елдердің ІТ-саласының барлық кәсіпорындарында, жоғары оқу орындарында, ғылыми зертханаларында және зерттеу орталықтарында жұмыс істей алады.

**Ақпараттық технологиялар факультеті мамандықтарын бітірушілердің кәсіби қызмет салалары:**

- Объектілерге бағытталған программалау;
- Жобалау және и автоматтандыру;
- Технологиялық үдерістерді автоматтандыру;
- Деректер қорлары;
- Web-технологиялар;
- Зияткерлік желілер;
- Жасанды интеллект;
- Мобилдік қосымшалар;
- Заттар Интернеті;
- Компьютерлік желілерді басқару және олардың қауіпсіздігі.

**Ақпараттық технологиялар факультеті мамандықтарын бітірушілер кім болып жұмыс істей алады?**

- инженер-программалаушы;
- деректер қорларын құрушы;
- web-әкімші;
- ІТ-маман;
- мобилдік қосымшалар құрушы;
- автоматтандырылған ақпараттық жүйелер құрушы-инженер;
- АЖ қауіпсіздігі бойынша маман;
- ақпараттық технологиялар бойынша менеджер;
- компьютерлік желілерді жобалаушы-инженер;
- техникалық жүйелерді автоматтандыру және басқару бойынша маман;
- ПЖ тестілеу бойынша маман.

## БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



### **АХМЕД-ЗАКИ ДАРХАН ЖҰМАҚАНҰЛЫ**

UIB университетінің президенті, техника ғылымдарының докторы, доцент. Ахмед-Заки Дархан Жумақанұлы алыс шетелдер мен ҚР журналдарында басылып шыққан 100 аса ғылыми мақалалардың авторы. Ғылыми зерттеулері программаларды верификациялау теориясына, үлестірілген және параллел есептеулерді ұйымдастыруға, жоғарғы білім беру жүйесін жетілдіру тақырыптарымен байланысты.



### **АХМЕТОВ БЕРІК БАХЫТЖАНҰЛЫ**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің ректоры, техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі.



### **ТИРЕУОВ ҚАНАТ МАРАТҰЛЫ**

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің бірінші проректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2010), «Құрмет» орденімен марапатталған (2016).



### **ҚОНЫСБАЕВ ӘМІРЕТ ТҰЯҚҰЛЫ**

«Инновациялық технологиялар паркі» БЭА инновациялық компаниялары қауымдастығы» ЗТБ Президенті, философия ғылымдарының кандидаты, Евразия экономикалық академиясының мүше-корреспонденті.



### **РУСТЕМОВ БАУЫРЖАН АДІЛХАНОВИЧ**

«Relog» компаниясының Бас директоры және көлік-логистика қызметін көрсету нарығында осы аттас отандық стартапының құрушысы, бизнесмен, «Информатика» мамандығы бойынша жаратылыстану магистрі.



## БАКАЛАВРИАТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

### **B057 Ақпараттық технологиялар**

- 1) Ақпараттық жүйелер
- 2) Жасаңды интеллекті бар жоғары жүктелген ақпараттық жүйелер
- 3) Компьютерлік инженерия
- 4) Компьютерлік ғылымдар
- 5) Деректер туралы ғылым

### **B058 Ақпараттық қауіпсіздік**

- 1) Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері

### **B063 Электротехника және автомат- тандыру**

- 1) Интеллектуалды басқару жүйелері

## МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

### **M012 Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілінде)**

- 1) Информатика
- 2) Информатика (1,5 ж.)

### **M094 Ақпараттық технологиялар**

- 1) Ақпараттық жүйелер
- 2) Компьютерлік инженерия
- 3) Компьютерлік ғылымдар
- 4) Есептеу лингвистикасы
- 5) Жасаңды интеллекті бар жоғары өнімді ақпараттық жүйелер
- 6) IT-менеджмент
- 7) Программалық жобаларды басқару (МИФИ)
- 8) Жүйелік инженерия (қос дипломды білім беру – Батыс Аттика университеті, Греция)

### **M095 Ақпараттық қауіпсіздік**

- 1) Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері
- 2) Қауіпсіздік жүйелер аудиті

### **M100 Автоматтандыру және басқа- ру**

- 1) Заттар интернеті
- 2) Бизнес талдау және Big Data
- 3) Машиналық оқыту және дерек өңдеу
- 4) Интеллектуалды басқару жүйелері
- 5) Интеллектуалды басқару жүйелері инженериясы (қос дипломды білім алу – Pina техникалық университеті)

## ДОКТОРАНТУРА БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

### **D012 Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілінде)**

- 1) Информатика

### **D094 Ақпараттық технологиялар**

- 1) Ақпараттық жүйелер
- 2) Компьютерлік инженерия
- 3) Компьютерлік ғылымдар
- 4) Жүйелік инженерия
- 5) Медицинадағы жасаңды интеллект

### **D095 Ақпараттық қауіпсіздік**

- 1) Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері

### **D100 Автоматтандыру және басқару**

- 1) Интеллектуалды басқару жүйелері
- 2) Автоматтандыру және Internet of things
- 3) Интеллектуалды басқару жүйелері инженериясы (қос дипломды білім алу – ISCTE)

## СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР




**Асаинов Жасұлан**, «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 4 курс студенті

Альма-матерде білім алған 4 жыл – ізденіс пен қызыққа толы студенттік шағым – көзді ашып жұмғанша өте шықты. Мектепті үздік бітіріп, еліміздің жоғары оқу орындарының қара шаңырағы атанған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің босағасын аттаған сәттен бастап менің білім және ғылым жолындағы өмірімнің жетістік пен табысқа келетіне, болашағымның жарқын болатынына сенімім күшейді.

Алғашқы күннен бізді қамқорлықтарына алған кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы өз ісінің кәсіби шеберлері. Ұлағатты ұстаздарымыз ел ертеңінің тірегі – өскелең ұрпақтың бойына Hard-skills және Soft-skills біліктіліктерін қалыптастырып, сапалы білім, саналы тәрбие беріп келеді.

Талапкердің 4 жыл ішінде бәсекеге қабілетті тұлға болып шығуына студенттік орта да үлкен әсер етеді. Сан електен өтіп, іріктеліп алынған тобымыз еліміздің ең мықты мектептерінің үздік түлектері мен талантты шет ел студенттерінен тұрады. Бұл – Ақпараттық жүйелер кафедрасы мен университетіміздің дұрыс стратегиялық бағыт ұстанатынын айғағы.



**Елтай Жастай**, «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығының 4 курс студенті:

Мен кішкентай кезімнен компьютерлік және электронды құрылғыларға қызығып өстім. Өзіме қайтсем де болашақта IT саласының маманы боламын деп мақсат қойдым. Армандар орындалатыны рас екеніне көзім жетті, қазір мақсатқа жету үстіндемін. Менің таңдаған мамандығым ерекше және өте қызықты. Қазір ақпаратты қорғау тәсілдерін үйрену үстіндеміз. Енді мені компьютердің өзін білікті басқару, роботтардың «ақыл-ойын қалыптастыру» мәселелері ойландырып жүр. «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығын игерген студенттің болашағының зор екеніне кәміл сенемін.

Сенің де болашағың өз қолыңда, талапкер!



## СТУДЕНТТІК ӨМІР



CISCO Желілік Олимпиадасы



"Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы достық қатынастар" атты ашық сабақта



Ғылымда әркімнің-ақ бар таласы



"Информатика" мамандығы студенттері Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына барып қайтты



Ұлттық тәрбие — сапалы білім негізі



Факультеттің ашық есік күні

## ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Польша университетіндегі тағылымдама (Люблин қ.)



А.Нурмурат Санкт-Петербург ИТМО ҰЗУ дипломын да алып шықты



Магистрант И.Рамазанов профессор Марек Милоштың қолынан сертификат алып тұр



Магистрант А.Нусюпов ERASMUS бағдарламасы бойынша Malardalen University-де (Швеция) оқуын жалғастыруда



2 курс студенті Жанар Алимова Академиялық ұшқырлық бойынша Гренобль Альпы университетінде (Франция) оқып жатыр



Факультет оқытушылары Грекия жерінде біліктіліктерін шыңдап қайтты



## ОҚУ ҮДЕРІСІ



АЖ кафедрасының меңгерушісі Мусиралиева Ш.Ж. магистранттарға дәріс оқуға Пәкістан ұлттық ғылым мен технологиялар университетінің профессоры Хайдар Аббасты шақырды



Факультет ПОҚ, студенттері профессор Б.Е.Резниктің (Бойт атындағы қолданбалы ғылымдар университеті, Берлин, Германия) дәрістерін үлкен қызығушылықпен тыңдады



Аға оқытушы Ұ.Исламғожаев Интеллектуалдық жүйелер ОӘЗ-де сабақ жүргізіп тұр



Магистранттар Пәкістан ұлттық ғылым мен технологиялар университетінен (Исламабад) келген профессор Хайдар Аббастың дәрісін тыңдап отыр



Профессор А.А. Кавокиннің сабағын студенттер жібермейді



Есқазин Азамат – «Автоматтандыру және басқару» мамандығының 4 курс студенті. Өндірістік тәжірибені «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы АҚ «Шалқар сигнализация және байланыс дистанциясы» филиалы мекемесінде өтіп жатыр






## ҚОСЫМША ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Маман кадрлар дайындау үшін тиісті халықаралық кәсіби біліктілік стандарттарын пайдалану — заманауи еңбек нарығының басты талабы. Ақпараттық технологиялар факультеті техникалық мамандықтар бойынша дайындалатын түлектерді аса кең ауқымды IT-саласы үшін мол жиекті теориялық білім спектрімен қамтамасыз етеді.

Бітірушілердің жұмыс орындау ептіліктері мен іскерлік шеберліктерін шыңдау мақсатында факультет жанынан өркендеген халықаралық IT-компаниялармен ынтымақтастықта «HP технологиялары халықаралық институты» оқыту-ғылыми орталығы, «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар бойынша қосымша кәсіби білім беру оқу орталығы» (CISCO Networking Academy), «Интеллектуалдық бағдарламаланатын жүйелер» және «Интеллектуалдық ақпараттық жүйелер» зертханалары, Халықаралық TEMPUS PROMIS жобасы зертханасы, «PERCo ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» зертханасы, Kaspersky зертханасы және ALCATEL зертханасы ашылған.





## СТУДЕНТТІК ҮЙІРМЕЛЕР МЕН КЛУБТАР

Студенттердің жан-жақты дамуы мен олардың сабақтан бос уақыттарын тиімді пайдалануы үшін факультетте жақсы жағдайлар жасалған. Мамандық бойынша ғылыми-әдістемелік үйірмелерден басқа техникалық мамандықтар оқытылатын факультетіміздің үлкен мақтанышы – жастардың рухани дамуын, мәдениетке, тілге, әдебиет пен өнерге деген қызығушылықтарын арттыруға, студенттерді отан-сүйгіштікке, сапалы білім алу мен өзін-өзі рухани жетілдіруге деген құштарлыққа, ата-баба аманаты мен еліміз алдындағы борышымызды өтеудегі адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерді, студенттер мен магистранттарды біріктіретін Қ.Аманжолов атындағы әдеби-шығармашылық бірлестік, «Мехматтағы музыкалық кештер» жобасы және жастардың «Атамекен патриоттары» қоғамдық ұйымы жүйелі түрде жұмыс жасайды.

Осы бірлестіктер аясында ақын-жазушылармен, артистермен және эстрада жұлдыздарымен, түрлі сыйлықтардың лауреаттарымен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады.



## ҒЫЛЫМИ СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАР

Ақпараттық технологиялар факультеті желілік және телекоммуникациялар технологиялар салаларында Regional/Local Networking Academy Cisco, Academy Microsoft академияларымен серіктестік байланыста және көптеген оқытушылар Cisco және Microsoft Академияларының сертификатталған кеңесшілері болып табылады. Студенттер де Microsoft компаниясының сертификаттау емтихандары мен Cisco Networking Academy халықаралық бағдарламалары бойынша on-line режимінде дайындық курстарынан өтіп, сертификаттар ала алады.

2003 жылдан бастап факультет Қазақстандық командалар арасында Программалау бойынша ACMICPC (Association for Computing Machinery International Collegiate Programming Contest) әлем чемпионатының ширек финалын өткізіп келеді. Бұл чемпионатқа жыл сайын Қазақстан бойынша республикалық жетекші барлық жоғары оқу орындарынан 100 аса команда (300-ден артық студент) қатысады.

Сонымен қатар факультет негізінде жыл сайын оқушылар мен студенттер арасында программалау бойынша келесі олимпиадалар өткізіліп тұрады: MechMat Open, Республикалы «аль-Фараби» олимпиадасы және информатика бойынша пәндік олимпиада.





## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ



### ИНДУСТРИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР



### ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ

